

Бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 18 маусымдағы № 41/3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 шілдеде № 5047 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 20/8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 27.02.2018 № 20/8 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Қызметін Шиелі ауданында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шиелі аудандық мәслихатының
сессия төрағасы
П.Архабаев
"КЕЛІСІЛДІ"
"Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
Шиелі ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
Е.Абдрахманов _____
"18" маусым 2015 жыл

Шиелі аудандық мәслихатының
хатшысы
Ә.Оразбекұлы

Шиелі аудандық мәслихатының
2015 жылғы 18 маусымдағы
№ 41/3 шешіміне қосымша

Қызметін Шиелі ауданында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелері

№	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық мөлшерлемелерінің мөлшері (Айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3

1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	3
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	4
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	15
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК